



Б.Ж. Каримова ¹, **А.М. Жумагулова** ²

¹«Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КеАҚ, Қазақстан, Талдықорған қ.

²«Шәкәрім атындағы Семей университеті» КеАҚ, Қазақстан, Семей қ.

e-mail: sultan-3@mail.ru

САЛАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада еліміздегі саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өмірдегі елеулі өзгерістерде БАҚ қызметінің теңдессіз артуы әр саланы жетік білетін мамандарға тікелей қатысты екендігі анықталып, сонымен қатар салалық журналистиканы дамытудың қажеттілігі турасындағы мәселелерге назар аударылды. Салалық журналистика бағыты бойынша медициналық журналистика, экономикалық журналистика, педагогикалық журналистика, психологиялық журналистика, экологиялық журналистика, әскери журналистикамен қатар, сирек айтылып, бүгінде зерттеу нысанына айналып отырған арт-журналистика, саяхат журналистикасының (трэвел-журналистика) БАҚ-ты дамыту бағытындағы маңыздылығы көрсетілді. Осы ретте мамандар даярлауда қажеттілік тудырып отырған салалық бағытты қалыптастырудың өзектілігі баса айтылды.

Зерттеу мақаланың мақсаты – салалық журналистиканы дамыту бағытындағы атқарылып жатқан іс-шаралар мен мамандар даярлаудың сапасына айырықша ден қою, оның заманауи сұраныстарға сай орындалуына ықпал ету керектігі жайлы ойларға назар аударып, салалық журналистиканың маңыздылығын тану мен болашақ журналист мамандардың салалық бағытқа бейімделуіне деген көзқарастарын орнықтыру болды.

Салалық журналистиканың қажеттілігін тануда ғылыми-теориялық қырына да баса назар аударылып, әр саланың ғылыми негіздемелері басшылыққа алынды. Салалық журналистиканы дамыту, оқыту мәселелері бойынша әдістемелік негіздерді танудың маңызды екендігін ескере отырып, жоғары оқу орындарының білім алушыларының көзқарастарын да назарға алу қажеттілігі ескерілді. Оның қорытындысы зерттеу түрі ретінде алынған сауалнама нәтижелері арқылы нақтыланды.

«Журналистика және репортер ісі» білім беру тобына енетін «журналистика» білім беру бағдарламасында белгілі бір сала бойынша кәсіби мамандарды даярлауды жүзеге асыру қажеттілігі, тиімділігі студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерінен де байқалды.

Негізгі түйіндемелер ретінде жоғары оқу орнында салалық журналистиканы оқытудың қажеттілігі мен маңыздылығы көрсетілді; жоғарғы мектепте оқытудағы «журналистика» білім беру бағдарламасының мазмұнына «салалық журналистика» курсы енгізудің қарқындылығын арттыру қажеттілігі айтылды; салалық бағытта дайындау арқылы болашақ журналист маманның кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етуге болатындығы турасында қорытынды жасалды.

Мақала журналистикада бүгінгі таңда келелі мәселе ретінде көтеріліп отырған «қолданыс аясын кеңейту қажет» деген бағыттағы мамандықтардың дамуына да өз септігін тигізеді деп ойдамыз.

Түйін сөздер: салалық журналистика, ақпарат, кәсіби құзіреттілік, мамандық, БАҚ, сауалнама.

B.Zh. Karimova¹, A.M. Zhumagulova²

¹NAO «Zhetysu University named after Ilyas Zhansugurov», Kazakhstan, Taldykorgan

²NAO «University named after Shakarim city of Semey», Kazakhstan, Semey

e-mail: sultan-3@mail.ru

Problems of Teaching Industry Journalism

The article draws attention to the fact that the unprecedented increase in media activity in significant changes in political, economic, cultural, and public life in the country directly affects specialists who know each industry, and therefore the need to develop industry journalism. In the field of industry journalism, medical journalism, economic journalism, pedagogical journalism, psychological journalism, environmental journalism, military journalism etc., the importance of art journalism and travel journalism for the media, which is now becoming a subject of research, is rarely mentioned, except in a few areas. At the same time, the relevance of the formation of the industry direction, which creates a need for training specialists, was emphasized.

The purpose of the study is to recognize the importance of industry journalism and to consolidate the views on the adaptation of future journalists to the industry direction.

In recognition of the need for industry journalism, special attention was paid to the scientific and theoretical aspect, guided by the scientific justification of each branch. Taking into account the importance of recognizing the methodological foundations for the development and training of industry journalism, there is the need to take into account the views of students of higher educational institutions. This need was clarified by the results of a survey.

In the educational program «Journalism», which is included in the educational group «Journalism and reporter business» was identified the need to train professionals in a particular field, the effectiveness of which was also reflected in the results of a survey among students.

We believe that the article will contribute to the development of professions in the field of «need to expand the scope of application» which is currently being raised as a serious problem in journalism.

Key words: industry journalism, information, professional competence, specialty, mass media, survey.

Б.Ж. Каримова¹, А.М. Жумагулова²

¹НАО «Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова», Казахстан, г. Талдыкүрган

²НАО «Университет им. Шакарима», Казахстан, г. Семей

e-mail: sultan-3@mail.ru.

Проблемы преподавания отраслевой журналистики

В статье акцентировано внимание на беспрецедентной активизации СМИ в условиях значительных перемен в политической, экономической, культурной, общественной жизни страны. В связи с этим показана необходимость развития отраслевой журналистики. В статье продемонстрирована актуальность туристской журналистики (трэвел-журналистики), арт-журналистики, как перспективных направлений для исследования в ряду таких отраслей деятельности СМИ, как медицинская, педагогическая, экономическая, психологическая, экологическая, военная журналистика. При этом была подчеркнута актуальность формирования отраслевой направленности, которая создает необходимость в подготовке специалистов.

Цель исследования – популяризация значимости отраслевой журналистики и утверждение взглядов будущих специалистов-журналистов на отраслевую ориентацию, акцентирование внимания на необходимости развития отраслевой журналистики в соответствии с современными требованиями к качеству подготовки специалистов и проведению мероприятий.

В процессе исследования особое внимание было уделено научно-теоретическим аспектам отраслевой журналистики, научному обоснованию содержания каждой отрасли. Учитывая важность признания методических основ по вопросам развития отраслевой журналистики, обучения, была учтена необходимость принятия во внимание и взглядов обучающихся высших учебных заведений. В качестве практического материала использовались результаты исследования, проведенного в виде опроса.

Необходимость подготовки специалистов в определенной отрасли была подтверждена результатами опроса студентов образовательной программы «Журналистика», входящей в образовательную группу «Журналистика и репортерское дело».

Итогом исследования стал вывод о необходимости и важности преподавания отраслевой журналистики в вузе; подчеркнута необходимость повышения интенсивности внедрения курса «Отраслевая журналистика» в содержание образовательной программы «Журналистика» в процессе преподавания в высшей школе; сделан вывод о позитивном влиянии подготовки по отраслевому направлению на формирование профессиональных компетенций будущего специалиста-журналиста.

По мнению авторов, статья будет полезна для специалистов, стремящихся «расширить сферу применения» журналистики, что является одной из ее основных проблем.

Ключевые слова: отраслевая журналистика, информация, профессиональная компетентность, специальность, СМИ, опрос.

Кіріспе

Ақпарат құралдары тарататын жаңалықтар техниканың жылдам дамуымен бірге дамып, түрленіп қоғам сұранысын қанағаттандыруда. Сандық технологияны игеру дәуірінде технологияларды пайдаланудағы жаңашылдықтар да қарыштап дамуда. Бұл өзгерістерді тануда

білім мен біліктілік, тәжірбие қажет болатыны сөзсіз. Ол жоғары білім беру орындарымен тікелей сабақтас мәселе. Технологияны жетік меңгеру болашақ маманның кәсіби деңгейінің қалыптасуы мен кәсіби мәдениеттілігіне септігін тигізетіні сөзсіз.

Ақпараттармен жұмыс жүргізудегі технологиялар тиімділігі, маңыздылығы көптеген

отандық және шетелдік теориялық еңбектермен қатар тәжірбиелік сипатта да қолданысты қажет етеді (Bylieva, Nordmann, 2021:185).

Сонымен қатар қарқынды даму алған постиндустриалды журналистика контексіндегі жаңашылдықтар сандық технологиямен тікелей байланысты екендігі шетелдік ғылыми еңбектерде аталады (Burns, Matthews, 2017:1000).

Отандық ғылыми теориялық еңбектерде де ақпаратты беру, ақпаратпен тиімді жұмыс жүргізу, ақпаратты аудиторияға сауатты жеткізу сынды қызметтері жан-жақты түсіндіріледі. Ақпараттың күнделікті қарапайым өмірдегі қажеттілігін, әрі бұл ұғымның қолданыс ауқымының кең екендігін атап өткен ғалым Н. Омашев ақпаратты шектеу, байланыс, бақылау, форма, инструкция, білім, мағына, құрылым, бейнелеу, сезіну т.б. сынды терминдермен де сабақтастырады (Омашев, 2008).

Әр салада ақпараттардың сан қырлы берілуі мен сипатына орай жаңа ұғымдар, ғылыми терминдер көптеп ұшыраса бастады. Олардың ішінен өзіңізге қажеттісін таңдап алу, оларды дұрыс, орынды қолдану өз құзырыңызда. Тек қана журналистика саласына қатысты ақпарат берумен байланысты салалық терминдер қолданысы тіптен жиі көрініс табуда. Олардың қатарынан медиапсихология, медиамәдениет, медиабілім, медиасауаттылық т.б. сынды терминдерді жиі естіп жүрміз. Осындай үздіксіз ақпарат алмасу ағыны ақпараттың адам өміріндегі маңыздылығын танытады. Күнделікті беріліп жатқан медиаақпараттардың мазмұны адам психологиясына, нақтырақ айтсақ, адамның санасына әсер ететіні сөзсіз. Ақпараттаржеке тұлғаның іс-әрекетіне, көзқарасы мен пайымына, шешіміне тікелей әсер етеді.

Ақпарат ол қоғамның ауасы іспетті. Оны тұтынбау, қабылдамау, мәліметтер алмау мүмкін емес. Сол себепті журналистика саласындағы қарқынды даму бәсекеге қабілетті болуға жетелейді. Қазіргі әлемнің көптеген мемлекеттеріндегі бетбұрыстар, мәселен, әлеуметтік-экономикалық жаңғыру, инновациялық технологиялар, бұқарамен қатынас жасаудың заманауи құралдарын пайдаланудың жетістіктері түрлі деңгейде көрінеді. Бұл «әлемдік ақпараттық-коммуникация бейнесіне» ықпал етуші бірден-бір нысан – журналистика болып табылады. Осыған орай журналистикада елдің ақпараттық қауіпсіздігін нығайту мен уақыт талабына сай білікті мамандар даярлау қажеттілігі мәселесі алдыңғы кезекте тұр. Бұл мәселенің шешудің, оңтайландырудың бірден-бір жолы – сала ма-

мандарын дайындаудың тиімділігін нақтылай отырып, соған бағытталған жұмыстар жүргізу. Әсіресе біздің елімізде болашақ журналист мамандарды сапалы даярлау күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі.

Журналист – қоғамның барлық саласын қамтитындықтан, оның тақырып аясы, қолданыс ауқымы өте кең. Осы ауқымдылықты жүйелеуде, нәтижелі етуде салалық журналистиканы дамытуға басымдылық беріліп отырғаны баршамызға аян.

Бұл ретте 2021 жылы бұрынғы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева 2020-2021 жылдарға арналған медиасала мамандарын оқыту жөнінде арнайы жоспар құрылғандығын, саланың кадрлық әлеуетінің кәсіби деңгейін арттыруға байланысты жүйелі жұмыстардың қолға алынғаны туралы айтқан болатын (Слямбеков, 2021).

Жоспарланған жұмыстар ретінің жүзеге асырылып жатқандығын байқауға болады. Атап айтсақ, салалық журналистика бойынша медицина, IT технология, дін, экология салалары бойынша дайындау бағытында қарқындылық көрінеді. Сол істердің бастамаларының бірі ретінде 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында «XII KAZENERGY» Еуразиялық форумында журналистерге арналған «Салалық журналистика: қазақ тіліндегі мұнай-газ тақырыптарының ерекшеліктері» атты семинар-тренинг өткендігі, тренингке Ақтау, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Орал және Нұр-Сұлтан қалаларынан бизнес тақырыбына маманданған журналистер қатысқандығы туралы ақпараттан құлақдармыз (Болатқызы, 2019).

Салалық журналистиканың дамуы турасындағы тұжырымдар отандық журналистикада белгілі ғалымдардың пікірлерімен де толығады. Белгілі ғалым Н.Омашев салалық журналистиканы дамыту керектігін, сондай-ақ, қазір журналистика кәсіп ретінде де, ғылым ретінде де дамып жатқандығын атап көрсетеді (Омашев, 2016).

Осы пікірмен сабақтас ойды ғалым С. Медеубекұлы да былайша тұжырымдайды: «Салалық журналистика салалық мамандықтарды игеруді қолға алдық. Олардың қатарында медицина, спорт, экономика, саясат, агрожурналистика сынды салалар бар. Яғни, бітіруші түлек белгілі бір салада білігін жетілдіріп шығады. Бірақ, егер Болон конвенциясындағы кредиттік технологияның шарты бойынша әр студент өзінің оқу бағдарламасының траекториясын өзі таңдауы керек. Егер де ол ауыл шаруашылық жөнінде тереңірек мәлімет алып, тереңірек білгісі

келсе ауыл шаруашылығына қатысты пәндерді оқытатын биология факультетінің дәрістеріне қатысып, кредитін игеріп кетуі студенттің күзіретінде. Заң, құқық жөнінде көбірек білім келеді десе, заң факультетінің сабақ кестесіндегі өзіне ең қызықты деген пәнге жазылып білімін шыңдай алады» (Медеубекұлы, 2018).

Дегенмен бүгінге дейін салалық журналистиканың қалыптасып дамуын мүлдем жоққа шығара алмаймыз. Өз кезінде, әр кезеңде замана талаптарына сай салалық бағыттағы журналистика өз қызметін атқарды, әлі де атқарып келеді. Кейінге шегініс жасасақ, салалық журналистика дегенде ойымызға бірден оралатыны – «Спорттық журналистика», «Ғылыми-танымдық журналистика», «Экономикалық журналистика» т.б. салалық бағыттардың болғандығы. Әр кезеңдегі салалық журналистика, салалық бағыт өз кезеңіне, қоғамына сай жұмыс істеді. Ол кездерде тек әуесқой журналистер ғана басымдылық танытты. Алайда ақпараттар ағыны жылдам алмасқан бүгінгі жағдайда болашақ журналистердің кәсіби біліктілігін қалыптастыруда, салалық бағытта оқытуда жаңашылдық болуы заңды. Осы қажеттіліктер мен тиімділікті тану бүгін үшін маңызды болып отыр.

Үлкен жауапкершілік пен қажеттіліктер тудырып отырған салалық бағытта журналистер дайындауда жоғары білім беру орындарындағы іргелі өзгерістердің тың бастамаларға қозғаушы болып отырғандығын таныту мақсатын алға тарту зерттеу мақаланың негізгі мақсаты болды. Мақсаттың бірнеше міндеттер арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Ол міндеттердің негізгісі, әрі бастысы – жоғары оқу орындарында салалық журналистиканы оқытудағы өзекті деген мәселелерді алға тарту болып отыр.

Отандық журналистикадағы салалық журналистиканың дамуы туралы бастамаларға зер салғанда, салыстырмалы түрде бұл бағыттың шетелдердегі қолданыс сипатына да мән беріп, саралап отырған орынды. Дегенмен, өзге шетелдік медиаларда салалық журналистиканың біршама озық екендігін нақты салалық басшылар, сайттар мен телеарналар жұмыстарынан көруге болады. Біздің елімізде де нақты бір сала бойынша жұмыстар атқарып жатқан басшылар, телеарналар бар екенін жоққа шығармаймыз. Арнайы салалық бағыттағы бағдарламалардың аудитория үшін қажеттілігі зор. Мәселен, бір ғана медицина бағытындағы телебағдарламадан көрермен өзіне қажетін алады.

Демек, қандай елдерде болмасын аталмыш бағытта жұмыстар жүргізілудің тиімділігі – сапалы контент қалыптастыруға өзек болады.

Материал және әдістер

Бүгінгі ақпарат майданына шығатын журналистің нені меңгеруі, нені білуі маңызды деген қағидалары жиі назар аудартады. Осы тұста белгілі ғалым Н.Омашев жоғарыда атап өткен «Қазақ журналистикасы» атты еңбегінде журналистің негізгі білуге міндетті білім қажеттілігі төмендегідей деп, ерекшелік көрсетеді:

1. Ақпаратпен дұрыс жұмыс істеуге бейім болуы. Ақпараттарды жинай, топтастыра отырып талдаулар мен сараптама жасай алуы қажет.

2. Экологиялық тұрғыдан заңдылықты білу мен сауатты болуы. Халықаралық деңгейдегі заң қағидаларын, еліміздің негізгі заңдары мен кәсіби сауатты, адами құндылықтармен қаруланған журналист қана құқықтық тұрғыдан экологиялық мәселелерге қалам тарта алады.

3. Жаңа техника мен технологияларды жатсынбауы.

4. Білімін жетілдіріп отыруы.

5. Командамен жұмыс істеуге бейім болуы. Журналистикада жалғыз адам ешқандай жетістікке жетпеген. Жұмыс ерекшелігі әртүрлі мамандардан тұратындықтан бірлесіп, жұмыла атқарған істен ғана жақсы нәтиже шығады. Журналистикадағы мамандықтардың өзіндік ерекшеліктері басым, оны түсінген журналист қана кәсіби қызметте жетістікке жетеді (Омашев, 2008).


Ғалым осы аталған қағидаларында журналистің экологиялық және заңды сауаты болу керектігін атап өткені ерекше назар аудартып, ойландырады. Салалық мамандандудың өзіндік артықшылықтары басым. Ең алдымен, материал сапалы болады, екіншіден, журналист өзінің аудиториясының әлеуетін таниды және сол аудиторияның сұранысына сәйкес өнім ұсынады. Белгілі бір саланың қыр-сырын меңгере отырып, сол саладағы барлық ақпараттарды көпшілікке сауатты, түсінікті жеткізе алу мүмкіндігі болады.

Жұмыстың ғылыми-зерттеу әдіснамасы ретінде, әрі салалық бағытта болашақ журналистер дайындаудың тиімділігі мен қажеттілігін түсіндіруде, әрі олардың бұл бастамаға деген көзқарастарын білу үшін арнайы зерттеу жұмысын жүргіздік. Жоғары оқу орынындағы «Журналистика» білім бағдарламасы бойынша «Журналистика және репортер ісі» білім беру тобының білім алушыларына бақылау-

зерттеу материалы ретінде сауалнама сұрақтары ұсынылды. Сауалнама Шәкәрім атындағы Семей университеті мен Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің журналистика мамандығының 3-4 курс білім алушыларынан, жиыны 50 студенттен алынды. Сауалнама мақсаты – болашақ мамандардың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыруда белгілі бір сала бойынша дағды қалыптастыру жайындағы пікірлерін білу еді. Сауалнама бірнеше сұрақ-

тарды қамтыды. Ол сұрақтар дені мен нәтижесі төмендегідей болды:

1. «Салалық журналистиканы дамыту туралы пікіріңіз» деген сауалға жиыны 50 студент жауап берді. Жауап бермей қалған студент болған жоқ. Сауалда көрсетілген жауап нұсқаларында өз пікірін жазу да маңызды болды. Нәтижесінде берілген үш жауап нұсқасының біріншісі – «Болашақ мамандар үшін қажет» деген жауапты 40 студент; «Бұл жайында хабардар емеспін» деген жауапты 5 студент; «Өз




1-сурет – Салалық журналистиканы дамыту туралы пікір

пікіріңіз...» деген жауапты 5 студент белгілеген. Нәтижесі төмендегі диаграммада берілген.

2. «Болашақ журналист маман үшін салалық бағытта дайындау қаншалықты тиімді, қажетті» деген сұраққа жиыны 50 студент жауап берді. Жауап

бермей қалған студент болған жоқ. Нәтижесінде берілген үш жауап нұсқасының біріншісі – «Заман талабына сай қажет» деген жауапты 40 студент; «Білікті маман болу үшін қажет» деген жауапты 8 студент; «Тым қажет емес, журналист болсақ болды» деген жауапты 2 студент белгілеген.




2-сурет – Салалық журналистиканың қажеттілігі

болсақ болды» деген жауапты 2 студент белгілеген. Нәтижесі төменде диаграммада берілген.

3. «Салалық журналистикада қандай саланы таңдар едіңіз?» деген сұраққа жиыны 50 студент жауап берді. Жауап бермей қалған студент болған жоқ. Берілген үш жауап нұсқасының нәтижесі бойынша байқағанымыз, IT журналистиканы 15 студент, экологиялық журналистиканы 8 сту-

дент, психологиялық журналистиканы 7 студент, әскери журналистиканы 7 студент, құқықтық журналистиканы 7 студент, педагогикалық журналистиканы 3 студент, іскери журналистиканы 2 студент, әлеуметтік журналистиканы 1 студент белгілеген. Осы жауап нәтижелерінен-ақ бүгінгі жас журналист мамандардың басым көпшілігі журналистиканы IT журналистикамен байланыстыра



3-сурет – Салалық журналистиканы таңдау көрсеткіші

қарастырып, меңгергісі келетінін байқауға болады.

Жасалған зерттеу-бақылау жүргізу жұмысы арқылы жоғары оқу орынындағы журналистика мамандығының студенттерінің салалық бағытқа өздерін дайындау қажеттілігіне деген көзқарастарының жоғары екендігін, әрі бұл бағыттағы жұмыстарға белсенді қатысатындықтарын, қызығушылықтары басым екендігін көрдік. Әрі салалық бағытқа машықтанудың тиімділігі, болашақ білікті маман болудағы игі ықпалын түсіндіруге тырыстық.

Әдебиетке шолу

Бүгінде «Журналистика» білім бағдарламасына қызығушылық тудырып отырған жастар саны басым. Оны жыл сайын әр жоғары оқу орындарының журналистика мамандығын таңдаушылар санынан-ақ байқауға болады. ЖОО бұл сұраныстарды ескеріп заманауи сипаттағы журналистер дайындауда іргелі ізденістер, жаңашылдықтарға жол ашылуға. Соның бірі – оқыту қызметіндегі мамандар даярлауда жұмыс берушілер мен іс-тәжірибеден өту алаңдарының талаптары мен сұраныстарын ескеруде. Соның негізінде маман даярлайтын жоғары оқу орны мен жұмыс берушілер арасында үнемі тиімді байланыс, сабақтастық орнайды. Бұл дегенміз – бүгінгі жұмыс беруші жоғары маман даярлаудағы білім беру бағдарламасының білім мазмұнына, нақтырақ айтсақ, қажетті деген пәндерді ұсыныс ретінде бере алатын мүмкіндіктері бар. Ол ұсыныстар білім бағдарламасын даярлауда әркез ескеріліп, жаңартылып, толықтырылып отырады.

Сонымен қатар бүгінгі таңда маман даярлауда тек бір ғана даярлау бағытындағы құзіреттіліктерге ие болып қоймай, өз маман-

дығымен қатар өзге саланы игерген сол салаға қатысты кәсіби құзіреттіліктер алып шығу мүмкіндіктеріне қол жеткізуге жол ашылған. Мәселен, болашақ психологмаман өзінің қызығушылығы, қажеттілігі үшін қосымша оқу арқылы, журналистиканың құзіреттіліктерін де ала алады. Журналистиканың әлеуметтік мазмұны болашақ журналистің қоғамдағы қызметінің пәрменділігінен, әлеуметтік зерттеулерді игерулерінен көрінеді.

Әлеуметтің әлеуеті «халық саулығынан» көрінеді. Бірнеше жылдан бергі елдегі, тіптен әлемдегі эпидемиялық ахуал баршаны алаңдатқаны белгілі. Осындай аумалы-төкпелі кезеңде елдегі жағдаймен халықты дұрыс ақпараттандыруда журналистердің сала бойынша білімдері, маманданулары ауадай қажет болғаны белгілі. Сондықтан БАҚ-тағы медицина мәселелерін, медициналық ақпараттарды сауатты жүргізу үшін салалық мамандарды, медициналық журналистиканы дамыту маңызды. Бұл тұста шетелдік ғылыми әдебиеттерден медициналық журналистикаға қатысты біршама еңбектерді жиі байқауға болады. Солардың қатарында ерекше атап өтетін автор – Т. Albert. Ол өзінің «Medicial Journalism» атты еңбегінде медициналық журналистика теориясы мен практикасы жайында ғылыми ақпараттарды түсінікті етіп ұсына отырып, өзіндік ұзақ уақыттан бері осы саламен айналысып жүрген тәжірибиесін де байқатады (Т. Albert, 2004).

Отандық журналистикада медициналық журналистиканың даму қажеттілігі бар. Бүгінгі теледидардағы денсаулық саласына қатысты бағдарламалардың басым бөлігі тек сұқбат алу мен деректі хабарларға басымдық берілген, көрерменнің сұранысын қамтамасыз ететін

бағ-дарламалар жоқ. Дегенмен әлі де болса осы бір қиын да күрделі саланы игерудің қажеттілігі көрініп-ақ тұр. Жоғарыда атап өткен, бірнеше жылдар көлемінде болып жатқан елдегі эпидемиялық жағдай көрінісі білім беру саласын да айналып өтпеді. Осы тұстағы «Педагогикалық журналистиканың» да қажеттілігі сезілді. Ғылыми негіздемелерде журналистиканың бір саласы ретінде қалыптасқан «педагогикалық журналистика» журналистика және педагогика ғылымы саласындағы өзара сабақтастықты теориялық, практикалық тұрғыда көрсетеді. Бұл бағытта даотандық ғылыми әдебиеттерде азды-көпті зерттеулер қатары беріліп жүр (Бижан, 2013), ал шетелдік ғылыми әдебиеттерде біршама жан-жақты тармақталады. Сондай еңбектердің бірі – «New Journalism» деп аталған, онда жаңа журналистика, жаңа міндеттер туралы, жаңа тәжірибелер, жаңа педагогика мәселелері сөз етіле отырып, педагогикалық журналистиканың трансформациялық әлеуеті, қиын жағдайлар кезіндегі педагогика мәселелері сөз етіледі (Edited by Karen Fowler-Watt and Stephan Jukes, 2012:7).

Қай кезеңде болмасын қоғамдықпаратпен қамтамасыз етуде қабылдаушы аудиторияның психологиялық жағдайын білу маңызды. Сондықтан психологиялық журналистиканың да қызметі маңызды. Бұл әрі біршама жаңа салалық бағыттардың бірі ретінде танылады. Термин «психологиялық журналистика», «медиапсихология» деген атаулармен қатар беріліп жүр. Сондай еңбектердің бірінде: «Бұқарамен байланыс орнатуда адам психологиясының ерекшеліктерін білу маңызды» – делінген (Олешко, 2014:12).

Әрі психологиялық журналистика журналистің кәсіби мәдениетінің көрінісі, кәсіби дамуында кәсіби сана, кәсіби деңгейдегі дүниетаным, кәсіби ойлаудың қалыптасатыны сөзсіз. Психологиялық журналистика тек аудиториямен ғана емес, жеке тұлғамен диалогтық қарым-қатынас қалыптастырудың мүмкіндіктері мен технологияларын, ақпаратты тұтынушыға жеткізудегі мәселелермен де тікелей қатысты болады.

Журналистің қызмет барысындағы ескеретін кей тұстарын: «...дегенмен де кейбір жағдайларда аудитория көңіл-күйін алдын-ала болжауға болады. Сол арқылы шабыттанып еңбектенесіз. Психологтардың өзі әртүрлі пікірлер айтады. Оған көптеген себептер де бар» – деп атап көрсетеді ғалым Ғ. Әбілдина (Әбілдина, 2012:57).

Ғылыми еңбектерде бұқаралық медиадағы психологиялық зерттеу қызметтерінің қажеттілігі төмендегідей көрсетіледі:

– Контент-талдау немесе жалпы бағалауда;
– фокус-топтарда жұмыс істеу әдісін қолдануда;

– БАҚ өнімдерінің әртүрлі аудитория топтарына әсер ету тиімділігін эксперименттер арқылы бағалауда;

– бұқаралық коммуникацияның әртүрлі түрлерінің (PR, жарнамат.б.) аудиторияға әсер ету тиімділігі мен жүйеленуін зерттеуде;

– БАҚ қызметінің жиынтық әсер ету факторларын бағалаудағы салдарларда (мінез-құлық салдары, көзқарастық салдарлар, когнитивтік салдарлар, физиологиялық салдарлар т.б.) (Олешко, 2014 :51)

Шетелдік оқу құралы ретіндегі «Media Psychology» атты еңбекте БАҚ психологиясына қатысты құрылымдар, теориялар көрсетіле отырып, БАҚ-тың оң психологиясы аталып, ойындардың салдары түсіндіріледі (Gayle S. Stever, David C. Giles, J. David Cohen, Mary E. Myers, 2021).

Сонымен қатар психологиялық журналистиканың дамуына қызығушылық танытқан ғалымдар бұқаралық ақпарат құралдарының адамдар арасындағы қарым-қатынасты қалыптастырудағы қызметінің психологиялық жағынан күрделі екендігін баса көрсете отырып, аудиторияның жаңалықтарды қабылдаудағы психологиялық тұстарына ерекше назар аударады (Sharon, Bull: 2021:212)

Қоғамның, қоғамның әрбір мүшесінің психологиялық жай-күйімен қатар жеке тұлға ретінде өз құқықтарын қорғай алуы маңызды екенін баршамыз білеміз. Қоғамның құқықтық сауаттылығын арттыру үшін ақпаратты тасымалдаушы БАҚ өкілдерінің құқықтық сауаттылығы да аса бір қажеттіліктер тудыратыны сөзсіз. Осы ретте Е.А. Березина «Правовая журналистика в системе современных средств массовой информации современной России» атты диссертациялық еңбегінде құқықтық журналистиканың газеттегі бірнеше мүмкіндіктерін көрсетеді:

– Заңнама туралы жалпы ақпарат тарату (қабылданған нормативтік құқықтық актілерді заңдар, қаулылар т.б. мерзімді басылымдарда басып шығару немесе автор нақты заңдық құжаттарды талдай отырып оқырманның жалпы қорытынды жасауына ықпал етеді);

– сот журналистикасы. Оған сот отырыстары туралы жазбалар, есептер, маңызды сот процесін қамтитын материалдар жатады. Ең өзекті азаматтық және қылмыстық сот ісі қысқа, нақты, жылдам хабарланады. Мұнда журналистер сот отырысының өзін, прокурордың айып-

тау сөзі мен қорғаушы сөзінің мазмұнын егжей-тегжейлі сипаттайды, әрі материалдар аясына құқық қорғау, сот, прокуратура қызметкерлерінің түсініктемелері мен сұхбаттары енгізіледі;

– қылмыс хроникасы. Бұл ең өзекті қылмыстық істер бойынша жаңалықтар, мақалалар, репортаждар, очерктер мен репортаждарды камтиды. Мұнда екі тараптың құқық қорғау органдарының, прокурорларының, адвокаттарының түсініктемелері мен сұхбаттары жиі беріледі. Журналистер қылмыстық (азаматтық) істердің моральдық мәселелерін жиі айта отырып, қоғамда мұндай жағдайдың қалай орын алуы мүмкін екендігін т.б. талқылайды;

– моральдық-құқықтық насихатта аналитикалық және көркем публицистикалық жанрлар эссе, фельетон, очерк, корреспонденция т.б. жарық көреді;

– құқықтық кеңес. Мұнда құқық қорғау органдарының сұрақ-жауап түрінде т.б. кеңестері камтылады (Березина, 2015:25)

Тізбектей көрсеткен журналистиканың салалық дамуына қатысты бірнеше ғылымдарды атауда бүгінгі журналистиканың салалық бағытта дамуында ең жас, әрі қызықтысының бірі – арт-журналистика. Аталмыш сала жайында А.Мусинова «АРТ-журналистика Қазақстанда» атты оқу құралында арт-журналистиканың әлем бойынша қарқынды дамып келе жатқандығын, нарықтық экономиканың қалыптасуы жағдайында Қазақстанда да бірте-бірте даму үстінде екендігін атап өтеді (Мусинова, 2017:222).

Ал жоғарыда атап көрсеткендей, әрбір журналистің маңызды қыры – экологиялық мәдениетінің болуы, қалыптасуы. Бұл тұста да экологиялық журналистиканың қажеттілігі зор. Кез келген экологиялық мәселелердің тиімді, қауіпсіз, әрі жылдам шешілуіне жіті назар аударып, сараптай алатын БАҚ құралдарының жұмыстары да сол өзектілікті бедерлей түседі. Ғалым Л.А.Коханованың еңбегінде былай келтіреді:

– ақпараттық функциясы: адамзат үшін маңызға ие табиғаттың тылсым күштері мен табиғи апаттар себептерін, қоршаған ортаның адам денсаулығына тигізетін қауіп-қатерлерінің себептерін ашық айтып отыру;

– ағартушылық функциясы: табиғатқа кесір тигізу салдарларынан орын алатын апаттардың апаттардың адамның өз қолымен жасалатынын жеткізу;

– ұйымдастырушылық функциясы: жақсы тұрмыс үшін табиғатқа орасан зор зиян келтірудің алдын алу, халық игілігі үшін жасалатын

шаралардың табиғатқа зақым келтіруіне жол бергізбеу, маңызды шаралар қолға аларда толық зерделеп, шешім қабылдауда асығыстық танытпау;

– бақылау функциясы: қоршаған ортаға әсер ететін биліктің, кәсіпорындардың қызметі туралы хабардар ету, адамдарға қоршаған ортаның жағдайы туралы білім алу құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік беру (Коханова, 2007 :7).

Экология мәселесі тек Қазақстанда ғана емес, әлемдік деңгейде де өзекті екендігі белгілі. Осыған орай экологиялық зерттеулер, экологиялық ғылыми зерттеулер, түрлі халықаралық экологиялық ұйымдар жұмысына қатысты еңбектер қатары көптеп кездеседі. Әр елдің тұрақты дамуында экономикасымен қатар экологиясының да қалыптасуы назар аудартады. Сондықтан жекелеген елдердің экологиялық дамуы турасындағы еңбектер қатары жиі кездеседі (Jahnabi, 2012:142). Осындай еңбектер қатарынан ерекше назар аудартқаны – Henrik Bodker, Irene Neverla «Environmental Journalism» атты еңбек болды. Аталмыш кітапта әлемдегі экологиялық журналистикаға толық шолу жасайды. Мұндағы материалдар АҚШ, Еуропа мен Ресей, Азия мен Австралия, Африка мен Таяу Шығыс және Оңтүстік Америка сияқты аймақтарға бөлініп көрсетілген (Bodker, Neverla, 2016).

Журналистикасыз әлеуметке қызмет ете алмаймыз. Ғылым ретіндегі «әлеуметтану» мен «журналистиканың» тоғысатын тұсы – әлеуметтік журналистика аясы да кең. Отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде әлеуметтану саласын өзге де түрлі салалармен сабақтастықта қарастырылуда. Солардың қатарында «Әлеуметтік журналистика» да бар. Дегенмен, шетелдік зерттеулерде әлдеқайда ауқымды зерттеулер қатарын байқауға болды. Мәселен, солардың бірі ретінде «Social Media Marketing» атты еңбек назар аудартты. Авторлар «әлеуметтік медиа маркетинг» саласына қатысты ойларын ортаға салады (Tuten, Solomon, 2018). Тәжірбиелік тұрғыдан алғанда да журналист психологиясы мен әлеуметтануы мәселелерін танудың қажеттілігі түсінікті.

Заманауи сипаты басым болып отырған келесі бір салалық бағыт ретінде әскери журналистиканы атауға болады. Әскери журналистика бағытындағы жұмыстарда бірқатар тың бастамалар баршылық. Әскери журналистиканың да қоғамдағы қызметі, маңыздылығы айқын көрінеді. Соған орай әскери сала бойынша салалық дайындау бағыттарының нәтижелі

жұмыстары байқалады. Әскери журналист қай кезде болмасын қарулы қақтығыс кезіндегі журналистің жұмыс істеу шеберліктерін жан-жақты үйретеді. Әрі әскери іс-қимыл болып жатқан жерлерде жұмыс істей отырып, сапалы журналистік материал дайындаудың қыр-сырын игереді. Бұл салалық бағытқа жастар арасында қызығушылық басым екендігі жиі байқалып отыр.

Бүгінгі журналистиканың салааралық байланыстарының енді бірі – саяхаттау журналистикасы (трэвел-журналистика) туралы да атауға болады. Шетелдік зерттеулерде бұл салада арнайы зерттеулер жүргізілген, әрі тиімділігі де айтылады. Зерттеу нәтижелеріндесаяхат-журналистикасының нарық дамуындағы қажеттілігі көрсетіле отырып, Ресейде бұл бағыттағы журналистерді оқыту, арнайы курс ретінде 2004-2013 жылдардан бастап қолға алынғаны айқын көрінеді. (Krivtsov, 2017:347). Ал отандық еңбектерде нақты бұл бағыттағы зерттеулер негізінен туризм саласына қатысты айтылып жүргендігін атауға болады.

Журналистиканы салалық бағытта дамытуда агрожурналистиканың да қажеттілігі айқын көрініс беріп отыр. Бұл мамандық та заманауи сипатының басымдылығымен ерекшеленеді. Журналистер үшін ауыл және ауыл шаруашылығы үнемі айтылатын өзекті тақырып. Агротөлеммен жұмыс жасаудың да өзіндік қырсыры, қиындықтары жетерлік. Бұл тұста да журналистің кәсіби білімі мен біліктілігі, шеберлігі көмекке келеді.

Журналист мамандар даярлау жағдайында білім алушының қаржы-экономикалық сауаттылығы болумен қатар арнайы экономика саласына маманданған журналист болуы мәселесі де назарға алынуда. Бұл салалық бағыттың қажеттілігі мен тиімділігі неде деген сұраққа жауап іздесек, ең алдымен экономика саласымен маманданған журналистің «экономикалық білімінің» болуымен қатар жалпы халықтың «қаржылық сауаттылығын» ескере отырып ақпаратты түсінікті, қысқа жеткізе білуінде.

Осы тұста атқарылып жатқан бастамалар қатары экономика саласындағы түрлі тренингтер мен шеберлік сағаттары арқылы да толығырақ. ЖОО-да экономикалық журналистика бағытындағы арнайы курстарға да басымдықтар беріліп отыр. Арнайы сала бойынша жарық көріп отырған басылымдар қатары да халыққа қаржылық білім беруде ықпалы зор деуге болады. Сондай басылымдардың бірі – «Tenge Monitor» газеті туралы атап өтуге болады (<https://>

tengemonitor.kazgazeta.kz/). Аталмыш газет 2018 жылдың 1-наурызынан бастап жарық көре бастаған. Біздің еліміздегі тұңғыш апта сайын жарық көретін экономикалық басылым. Газеттің мақсаты – елімізде болып жатқан экономикалық жаңалықтарды қазақ және ағылшын тілдерінде қарапайым, әрі түсінікті тілмен жалпыхалыққа жеткізу болып отыр.

Сонымен қатар БАҚ-тағы экономикаға қатысты арнайы анықтамалықтардың да қызметі зор. Экономикалық журналистика – бұл кез келген адамға өзінің материалдық мүддесін қорғау үшін дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік беретін экономика туралы ақпаратты іздеу, талдау және ұсынушы бағыт. Басқаша айтқанда, экономикалық журналистика – кедейшілікке қарсы қару (Handbook of Media Economics, 2015)

Бүгінгі қоғаммен, әлеуметпен өзара байланыста діни журналистиканың өзіндік орны бар. Бұл бағытта да оңды істер атқарылып жатқандығы байқалады. Дегенмен, діни тұрғыда ақпараттар дайындау екінің бірінің қолынан келе бермейтіні анық. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдарында діни мәселелерді айту ең күрделі мәселе.

Салалық журналистиканың қалыптасуы мен дамуы болашақ маманның гендерлік, жасерекшеліктеріне де тікелей қатысты болады. Журналист өзінің жанына жақын саланы дөңгелетіп әкету үшін оның табиғатына жақындық, сәйкестік, қызығушылықтың болуы заңды. Мәселен, спорттық журналистиканы негізінен ер адамдар жүргізуі гендерлік сипатын танытады. Немесе балалар журналистикасына кез-келген журналист машықтана бермейді. Сол бағытқа икемді, сол мақсатты аудиторияның ыңғайына сай жұмыс істей алуы маңызды.

Жоғарыда осы аталған журналистиканың салааралық түрлерінен өзге, өзара тығыз байланыста дамып, салалық даму мен ақпарат беру тұрғысынан сандаған сабақтасқан бағыттары бар, әрі олар зерттеуді қажет етеді.

Нәтижелер мен талқылау.

Заманауи журналистикада көтеріліп отырған аталмыш мәселе бүгінгі қоғамда, журналист мамандар даярлау үшін қаншалықты маңызды, әрі қажетті деген сауалдың негізгілерін атап өтсек:

Әлемдегі медиабілімнің маңыздылығы мен басымдылығын таныту үшін;

– медиаақпарат санының жылдам өсуі мен оның аудитория санасына ықпалына қатысты;

– басқару мен тарату тетіктерінің ұлғаюына байланысты;

– барлық саладағы визуалды коммуникация мен ақпараттың маңыздылығының артуына орай;

– қызықты, сапалы әрі заманауи контенттің аздығы, соның салдарынан өзге шетелдік ақпараттарға, әлеуметтік желілердегі блогтық сфераның жетекші адамдарының жарияланымдарына басымдылықтың көбейіп отырғандығы.

Ал тиімділігі – жоғары мектептегі журналистика бойынша білім бағдарламаларында болашақ журналистерді дайындау құзиреттілігін арттыру үшін «салалық журналистика» немесе «салалық бағыт»-сынды курстар арқылы білім алушының белгілі бір өзіне жақын саланы таңдау мүмкіндігінің, әмбебап болуы, сол бағытта өзіндік қалыптасуына ықпал етуі.

Бұл бағыттағы жұмыстар алғаш көтерілгеннен бастап қолға алынды десек, ең алдымен, өз ретімен бүгінде журналист мамандар даярлайтын белгілі, ұлттық деңгейдегі жоғары оқу орындарында қолға алынып, бірқатар тың бастамаларға жол ашылған Журналистика мамандығының магистратура, докторантура бөлімдерін салалық бағытқа негіздеу қолға алынып, жұмыстар атқарылып жатқандығын да байқауға болады. Бұл белгілі дәрежеде тиімділігін, нәтижесін беретіні сөзсіз.

Сонымен қатар журналистика білім бағдарламасы бойынша білім алушылар қатарының бұл бастамаға ерекше құлшыныспен келіп отырғандықтары байқалады. Оның нәтижесін жоғарыда көрсеткен шағын зерттеу жұмысымыздан-ақ байқауға болады.

Қорытынды

Бүгінгі журналистикада салалық журналистерді даярлау басты міндеттердің болып отырғанын атап өттік. Ақпарат негізгі қаруға айналған уақытта білікті сала журналистерін даярлау уақыт талабы екенін де байқап отырмыз. Сондықтан салалық журналист маман белгілі бір салаға бейімделеді, таңдалған сала бойынша зерттеу жүргізуге, ғылыми материал жазуға, тер-

миндер мен кәсіби сөздер арқылы түсінуге қиын ақпаратты аудиторияға мүмкіндігінше оңай жеткізуге машықтанады.

Кең ауқымда алғанда, салалық журналистика – болашақ журналист маманға өмірінің әртүрлі салаларының бірінжетік біліп, еркін меңгеріп, білген ақпаратын жоғары зерттеушілік деңгейде жеткізе алатын, нағыз кәсіби маман болып қалыптаса алады. Нәтижесінде, белгілі бір сала бойынша машықтанған болашақ журналист маман қоғамда кәсіби білікті маман болып қалыптасса, оған қоғамның да көзқарасы оң болады, журналист пікіріне үнемі құрметпен қарайтыны да күмән туғызбайды. Әрі еркін ойлы болуда да басымдылық танылады. Салалық бағытта журналист мамандар даярлаудың көрінісі – қаржы, медицина, ауыл шаруашылығы, құқық т.б. сияқты кең ауқымды салалар бойынша мамандар даярлауға баса назар аударудан байқалады. Салалық журналистика бойынша нақты қай саланы дамытуға ерекше ден қойылып отырғандығы туралы нақты статистикалық деректер болмаса да, замана сұранысына сай мамандар даярлау бағытында бүгінгі қоғамға қажетті мұнай-газ, ауылшаруашылық, экономика салаларына басымдылық беріліп отырғаны байқалады.

Елімізде салалық журналистика бағытында оқыту мәселесіне байланысты ұсыныс ретінде атап өтер мәселе – қай салада болмасын қазақша ақпарат таратуға негізделген журналистерге сұраныс қалыптастыруға бағытталған жұмыстар қатары көбейтілсе, себебі, бұл тұста орыс тілді журналистер қатары басым түсіп отыратыны айқын.

Қорыта айтқанда, бүгінгі білім алушы, ертеңгі салалық журналист маманның бойында бар болуы тиіс ізгі қасиеттермен қатар, белгілі бір саланы жетік білетін, әрі еш кедергісіз сол саладағы барлық ақпаратты сауатты жеткізе алатын маман болып қалыптасатыны сөзсіз. Осылайша, салалық журналистика бүгінгі нарықтың, жаһандану дәуіріндегі дамыған қоғамның сұранысын тудырып отырған ең қажетті, ең маңызды мәселе дей аламыз.

Әдебиеттер

Albert T. Medicial Journalism.–Routledge, 2004. 127 p.

Әбілдина Ф. Телевизия өнері: теориясы мен технологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.– 390 б.

Болатқызы А. Салалық журналистика: мұнай және газ тақырыбына тән ерекшеліктер. 2019 ж, 1 қазан. <https://qamshy.kz/article/52014-salalyq-dgurnalistika-munay-dgane-gaz-taqyrybyna-tan-erekshelikter>

Бижан Ж. Журналист шығармашылығындағы жаңа инновациялық технологиялар. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2013.– 208 б.

- Бережина Е.А. Правовая журналистика в системе современных средств массовой информации современной России. – Москва, 2015. – Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук.
- Bylieva D., Nordmann A. Technology, Innovation and Creativity in the Digital Society. – XXI Professional Culture of the Specialist of the Future. – Springer, 2017. – 1003 p.
- Bodker H., Neverla I. Environmental Journalism. – Company Routledge, 2016. – 176 p.
- Gayle S. Stever, David C. Giles, J. David Cohen, Mary E. Myers Understanding Media Psychology. Company Routledge, 2021. – 340 p.
- Jahnabi D. Environmental journalism in Bangladesh // Journalism studies. – 2012. – Vol.13, №2. – 242 p.
- Коханова Л.А. Экологическая журналистика, PR и реклама: учеб. пособие / Л.А. Коханова. – Москва: Юнити – Дана, 2007. – 383 с.
- Krivtsov N. Theoretical and Practical Issues of journalism, 2017, vol. 6, no.3. – 365 p.
- Мушинова А. Арт-журналистика Казахстана: учебное пособие. – Алматы: Казак университети, 2017. – 158 с.
- Медеубекұлы С. Журналистикаға төрт жыл да азық етеді. 2018,3 қараша: <https://qazaqtimes.com/>
- Нургожина Ш.И. Экономическая тема в журналистике Казахстана: история, теория, практика. – Алматы: Казак университети, 2002. – 241 с.
- Нургожина Ш.И. Экономическая пресса Казахстана: теория и практика функционирования, тенденции развития: автореф. дис. д-ра филол. наук: – Ташкент, 2001.
- New Journalisms. Rethinking Practice, Theory and Pedagogy. Edited by Karen Fowler-Watt and Stephan Jukes. – Company Routledge, 2019. 212 p.
- Омашев Н., Бейсенқұлов А., Тұрсынов Қ. Казак журналистикасы. – Т.2. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2008. – 252 б.
- Олешко В.Ф. Психология журналистики. – Екатеринбург: Изд-во Урал ун-та, 2014. – 476 с.
- Слямбеков Қ. Журналистерді оқытудың салалық ауқымы кенейеді. – 2021 ж., 26 мамыр. https://massaget.kz/mangilik_el/janalyiktar/65315/
- Омашев Н. Қоғам қандай болса, қазақ журналистикасы да сондай! <https://dereksiz.org/ofam-andaj-bolsa-aza-jurnalistikasi-da-sondaj.html> 2016.06.09
- Sharon C., Bull P. The Psychology of journalism. – Oxford university press, 2021. – 344p.
- Sheridan Burns L., Matthews B. Post-industrial journalism as a creative industry // Journal article. – WASET, 2017. – Vol.11, Issue 6. – 1533 p.
- Tracy L. Tuten, Michael R. Solomon. Social Media Marketing. – Paperback, 2018. – 342 p.
- Tuten T., Solomon M. Social Media Marketing. – Paperback, 2018. – 298 p.
- Henrik Bodker, Irene Neverla Environmental Journalism. Company Routledge, 2016. – p.176
- <https://tengemonitor.kazgazeta.kz>
- Edited by Simon P. Anderson, Joel Waldfogel, David Strömberg (2015) Handbook of Media Economics. Volume 1, Pages 1-768.

References

- Albert T. (2004) Journalism Medical. – Routledge, pp.127.
- Abildina G. (2012) Ars televisionis: theoria et technicae artis [Television art: theory and technology] – Almaty: Kazakh University, pp. 390.
- Bolatovna A. (2019) Diurnarius Sectoralis: specialia olei et gasi [Industry journalist: Special oil and gas] – 1 Octobris. <https://qamshy.kz/article/52014-salalyq-dgurnalistika-munay-dgane-gaz-taqyrybyna-tan-erekshelikter>
- Bizhan J. (2013) Novae technologiae novae in opere diurnariorum [New innovative technologies in the work of journalists]. Lectio comprehensio. – Astana: Foliant, pp.208.
- Bepezina E.A. (2015) Diurnariorum instrumentorum communicationis socialis instrumentorum recentiorum notitiarum Ruserorum modernorum Legal journalism in the system of modern mass media in modern Russia. – Moscov. – Dissertatio medica pro gradu scientiarum philologicarum candidatorum.
- Bylieva D., Nordmann A. (2017) Technology, Innovation and Creativity in the Digital Society. – XXI Professional Culture of the Specialist of the Future. – Springer, pp.1003.
- Bodker H., Neverla I. (2016) Environmental Journalism. – Company Routledge, pp.176.
- Gayle S. Stever, David C. Giles, J. David Cohen, Mary E. Myers (2021) Understanding Media Psychology. Company Routledge, pp.340.
- Jahnabi D. (2012) Environmental journalism in Bangladesh // Journalism studies. vol.13, no 2, pp. 242.
- Kokhanova L.A. (2007) Diurnarius environmentalis, PR et vendo [Environmental journalism, PR and advertising]: textbook / LA Kokhanova. – Moscoviae: Unitas – Dana, pp. 383.
- Krivtsov N. (2017) Theoretical and Practical Issues of journalism, vol. 6, no.3. pp 365.
- Musinova A. (2017) Ars diurnaria Kazakhstan [Art journalism of Kazakhstan]: doceo. – Almaty: Kazakh University, pp.158.
- Medeubekuly S. Tort jyl jurnalisterge azdyq etedi. November 3, 2018: <https://qazaqtimes.com/>
- Nurgozhina Sh.I. Economic theme in journalism of Kazakhstan: history, theory, practice [Economic topic in journalism of Kazakhstan: history, theory, practice.] – Almaty: Kazakh University, 2002. – 241 p.
- Nurgozhina Sh.I. Economic press of Kazakhstan: theory and practice of functioning, development trends [Economic press of Kazakhstan: theory and practice of functioning, development trends]: author. dis. Dr. Philol. Sciences: – Tashkent, 2001.
- New Journalisms (2019) Rethinking Practice, Theory and Pedagogy. Edited by Karen Fowler-Watt and Stephan Jukes. – Company Routledge, pp.212.

- Omashev N., Beisenkulov A., Tupkinov K.(2008) Diurnarius Kazakh [Kazakh journalism]. – vol.2. – Almaty: Taimac Publishing House,pp252.
- Oleshko V.F.(2014)Psychologia diurnaria[Psychology of journalism]– Ekaterinburg: Publishing Domus Universitatis Uralis,pp 476.
- Omashev N. Qogam qanday bolsa qazaq jurnalistikasy da sonday! <https://dereksiz.org/ofam-andaj-bolsa-aza-jurnalistikasi-da-sondaj.html> 2016.06.09
- Slyambekov K.(2021) Scopus sectoralis disciplinae diurnariorum dilatatur [The sectoral scope of training of journalists is expanding]. – 26 mai.https://massaget.kz/mangilik_el/janalyiktar/65315/
- Sharon C., Bull P. (2021) The Psychology of journalism.–Oxford university press, pp. 344.
- Sheridan Burns L., MatthewsB. (2017) Post-industrial journalism as a creative industry // Journal article. –WASET,vol.11, Issue 6, pp.1533.
- Tracy L. Tuten, Michael R.Solomon (2018) .Social Media Marketing.–Paperback,pp.342.
- Tuten T.,Solomon M. (2018) Social Media Marketing. –Paperback, pp298.
- Henrik Bodker, Irene Neverla (2016) Environmental Journalism.Compamy Routledge, pp 176.
<https://tengemonitor.kazgazeta.kz>
- Edited by Simon P. Anderson, Joel Waldfogel, David Strömberg (2015) Handbook of Media Economics. Volume 1,Pages 1-768.